# ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

Жуырда Балқаш қаласында дзюдо күресінен ашық біріншілік өтті. Осы біріншілікте облысымыздың әр аймағынан 380 жасөспірім спортшылар қатысып, өз бақтарын сынасты. Сәкен Сейфуллин атындағы кент балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің шәкірттері боз кілемде білек сынасып, шеберліктерін көрсете білді. Бір күнге созылған спорт сайысының нәтижесінде әр салмақ дәрежесі бойынша, бірінші




орын иеленген 35 кг салмақта Хиватдолда Ерсұлтан, 42 кг салмақта екінші орын иеленген Болат Шәкәрім Маратұлы, 32 кг салмақта Сағынхан Мадияр Бауыржанұлы, 50 кг салмақта үшінші орынды иеленген Қуандық Ғибрат Қуанышұлы, 46 кг салмақта Бақытжан Бекжан Бейбітұлы және 42 кг салмақта Рысқұл Бектас Жайықұлы жеңімпаз атанып, жүлдегерлер медаль және дипломмен марапатталды. Жалпы Сәкен Сейфуллин атындағы кент балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің спортшылары байрақты бәсекелерде жетістіктерге жетіп, кент абыройын асқақтатуда. Олай болса, алдағы уақытта спортшыларымызға жеңісті күндеріміз көп болсын дегіміз келеді.

Сонымен қатар, жуырда Тараз қаласында Қазақстан Республикасының спорт шеберлері арасында дзюдо күресінен Республикалық ашық турнир өтті. Турнирде еліміздің 15 облысынан және Қырғызстан мен Өзбекстан елдерінен барлығы 250 спортшы бақ сынасты. Осы бәсекеде еліміздің намысын қорғап барған жерлесіміз жеңіс тұғырынан көрінді.

Көк Байрағымызды биіктен желбіретіп, талай жас өскіндерді түлеткен кентіміздегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттық-



тырушысы, облыстық «Қазақстан Барысының» жүлдегері, Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер Каниев Ертай Айтмұхаметұлы +100 кг салмақта 1 орынға ие болды.

Кентіміздегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Каниев Ертайдың шәкірттері бүгінде облыстық, аудандық жарыстарда жүлделі орындардан көрінуде.

Ел намысын абыроймен қорғайтын, жеңістің туын желбірететін спортшы тәрбиелеу ұстаздың басты мақсаты. Олай болса, өзі тәрбиелеген шәкірттері де байрақты бәсекелерде ел намысын қорғап, биіктен көрінетініне сенімдіміз.

**М.ҚАСҚАТАЕВА,**
**Сәкен Сейфуллин атындағы кент әкімі аппаратының бас маманы.**